

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидия нормативін, сондай-ақ жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыздағы № 72 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 сәуірде № 2596 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 01.04.2015 № 85 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 18 ақпанындағы № 103 қаулысымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 4 тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидия нормативі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптар бекітілсін.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары
Б.Оспановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.

----- Г. С. Исаева

«28» 03 2014 жыл

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыз
№ 7 2 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

**Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын
қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге
арналған субсидия нормативі**

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативтері, теңге
Ірі қара мал шаруашылығы			
1	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	2 671,91

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыз
№ 7 2 қ а у л ы с ы н а
2-қосымша

Жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптар

Р/с №	Субсидиялау бағыттары	Өлшемдер мен талаптар
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	1. Дистрибьютерлік орталық мәртебесінің болу. 2. Дистрибьютерлік орталықтың лабораториясының болу, ұрық сақтайтын д ь ю а р ы д ы с ы н ы ң б о л у ы . 3. Асыл тұқымды бұқаның ұрығын тарататын арнайы тасмалдау көлігінің б о л у ы . 4. Қажетті азот шығаратын зауыттармен келісім шарттың болуы.